



Автор: Танатарова Айнагуль Хайроллаевна

Пән: Биология

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Қоректену

Тақырып: Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі

Тістің құрылысы мен қызметі.	8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі.
------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы. Сабақтың ортасы. Сабақтың соңы.	I. Психологиялық ахуал. 1. Тренинг «Достық импульсы» 2. «Мозайка» әдісі арқылы тақырыпқа байланысты суреттер арқылы 3 топқа бөлу. I топ: Азу тіс II топ: Күрек тіс III топ: Ит тіс II. «Зымыран сұрақтар» әдісі. 1.«Эксперт көмегі» 2.«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі	
Сабақтың мазмұны	1. Тренинг «Достық импульсы» Оқушылар шеңбер бойымен тұрып, әрбір бесінші оқушы кластастарына жақсы тілек айтады да шеңбер бойымен келесі оқушының қолын қысады. 2. «Мозайка» әдісі арқылы тақырыпқа байланысты суреттер арқылы 3 топқа бөлу. I топ: Азу тіс II топ: Күрек тіс III топ: Ит тіс II. «Зымыран сұрақтар» әдісі. (Үй тапсырмасын тексеру.) 1.«Эксперт көмегі» әдісі негізінде https://www.twig-bilim.kz/kz/film/ порталынан “Адамның асқорыту жолдарының құрылысы”, «Тістің құрылысы мен қызметі» тақырыбында бейне материал көрсете отырып, ҚБ тапсырмаларын орындату. 2.«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі бойынша жаңа сабақты меңгерту (оқулықпен, дәптермен жұмыс). Мәтін соңындағы жаңа сөздерге түсінік беру .«Кеңес хат» бойынша нақыл сөздердің мәнін ашу арқылы жаңа тақырыпты бекіту Топтар хаттағы нақыл сөздерді таңдап алады. •“Тамақ жеу үшін емес, өмір сүру үшін тамақ жеу керек” деген ежелгі гректердің қанатты сөзін талқылау. •“Таңғы асты тастама, кешкі асқа қарама” қанатты сөзін талқылау. •“Ас - адамның арқауы” қанатты сөзін талқылау. оқулықтағы суреттермен жұмыс жасау.	
.«Эксперт көмегі» әдісі	https://www.twig-bilim.kz/kz/film/ порталынан “Адамның асқорыту жолдарының құрылысы”, «Тістің құрылысы мен қызметі» тақырыбында бейне материал көрсете	